

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғаларға, стационарлық медициналық көмек көрсетуді бір жүйеге келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 149, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 67 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 15 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1755. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 177, ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 108 Бірлескен бұйрығымен

-----Бірлескен бұйрықтан үзінді-----

Тергеу изоляторларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен Әділет министрлігінің қарамағына беруге байланысты, БҰЙЫРАМЫЗ:

- 1. Қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

*Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
"Келісілді"*

*Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры
2005 ж. 8 сәуір
"Келісілді"*

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2005 ж. 24 наурыз*

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2005 жылғы 13 сәуірдегі
N 177 және
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің*

2005 жылғы 8 сәуірдегі
N 108 бірлескен бұйрығына

қосымша

Күші жойылды деп саналатын кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғаларға стационарлық медициналық көмек көрсетуді бір жүйеге келтіру туралы", (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде N 1755 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 168 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 892 бұйрығымен өзгеріс енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде N 2084 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 149 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 67 бірлескен бұйрығы...

"Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын, "Кепілдіктенген тегін көлемді медициналық көмек туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы мен Қылмыстық-атқару кодексінің 97 бабына сәйкес орындау үшін БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелері туралы Ереже;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелерінде сотталғандарға, туберкулезбен және соматикалық аурулармен ауыратын науқастарға стационарлық көмек көрсету Тәртібі бекітілсін.

2. Бұйрық 2002 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-Министрі А.Т. Айдарханов пен Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

Денсаулық сақтау Министрі

Қазақстан Республикасы

Әділет министрімен

2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 149

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау Министрімен

Қоса біріккен бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелері туралы ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің ауруханалары (соматикалық, арнайы психиатриялық және туберкулездік ауруханалар), (бұдан әрі-ауруханалар), өз құзыретіне қатысты мәселелер бойынша емдеу, әдістемелік және кеңес беру орталығы болып табылады.

Ауруханалар түзеу мекемесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Аурухананың жұмысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Әділет министрлігінің кесімдеріне сәйкес ұйымдастырылады.

3. Ауруханалар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінде (бұдан әрі - ТМ) жазасын өтейтін туберкулезбен және соматикалық аурулармен ауыратын науқастарға, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға және емдеуге арналған. Аурухананы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖ комитеті ұйымдастырады, қайта ұйымдастырады және таратады.

4. Ауруханалар сотталғандарға жоғары білікті стационарлы медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады, керуерттер қорын тиімді пайдалануға, өлім және өліммен аяқталатын оқиғаларды төмендетуге, науқастарды кешенді емдеуге, оның ішінде физиотерапияны, дене шынықтыру арқылы емдеуді, еңбекпен емдеуді кең пайдалануға бағытталған іс-шараларды әзірлейді.

5. Ауруханалар аурудың алдын алу және оны емдеуде қазіргі заман әдістерін енгізеді, зерттейді, қорытындылайды және денсаулық сақтау органдарының емдеу-профилактикалық мекемелері жұмысының алдыңғы қатарлы тәжірибесін таратады.

6. Ауруханалар жалпы және ауруханаға жатқызылған, оның ішінде еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтумен, ауруды зерттеуде, түзеу мекемесіндегі өлім себептеріне, диагностиканың қателеріне, ауруханаға кеш жатқызуға талдау жасауға қатысады, адамдардағы аурудың бастапқы кезеңін анықтау мақсатында сотталғандарды жоспарлы профилактикалық тексеруден өткізулерге қатысады.

7. Аурухананың құрылымын, штаты және керуерттер саны Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен анықталады.

8. Ауруханалар (соматикалық емханалар ТМ-нің оқшауланған аумағында орналасады) және оның құрамында: санитарлық қабылдау бөлмесі, емдеу бөлімшелері, емдеу-диагностикалық кабинеттер, ұйымдастыру-әдістемелік кабинеттер, клиникалық зертхана, мұрағат, әкімшілік-шаруашылық бөлімі және

басқа да қосалқы үй-жайлары болады.

Тиісті медициналық құрал-жабдықтар және аппаратурамен, шаруашылық инвентарьмен, көлікпен, басқа да мүлікпен емхана ТМ қаражаты есебінен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

9. Аурухананың бөлімшелерінде жедел жәрдем көрсету бойынша кестелер, нұсқаулықтар және анықтамалықтар, қажетті дәрі-дәрмектер: ерітінділер, қанның сары суы, сандыраққа қарсы препараттар және қан ауыстыратын сұйықтықтар, хирургиялық аспаптар, тану материалдары, оттегі және шұғыл жәрдемнің басқа да құралдары бар .

10. Аурухана мен оның қызметкерлері емхананың әкімшілігі әзірлеген емдеу мекемесінің ішкі тәртібі, лауазымдық нұсқаулықтары және ТМ-нің ішкі тәртіп Ережелері негізінде жұмыс істейді.

11. Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін оларды орталық атқару органдарының оқу мекемелеріне біліктілік жетілдіру курстарына жіберіледі, қажет болған жағдайларда денсаулық сақтау жөніндегі аумақтық органдардан білікті мамандарды шақыру арқылы дәрігерлік конференциялар, кеңестер өткізіледі.

12. Ауруханада ұйымдастырылады және жұмыс істейді: дәрігерлік-кеңес беру комиссиясы (бұдан әрі - ДКК), дәрігерлік-еңбек комиссиясы (бұдан әрі - ДЕК), Комиссиялардың құрамын облыстық қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының (бұдан әрі - ҚАЖКБ) бастығы бекітеді.

Аурухананың комиссиялары жүргізеді:

еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалту дәрежесін анықтауды ;

сотталғандарды Арнайы медициналық комиссияға тексеруге және куәландыруға медициналық құжаттарды дайындауды;

әрі қарай жазасын өтеу орнын ауыстыру бойынша қолдаухаттар беруді.

13. Ауруханалар статистикалық есеп жүргізеді және оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кесімдерімен белгіленген мерзімде Қ А Ж К Б - ғ а ұ с ы н а д ы .

14. Аурухана орналасқан жердегі, ТМ-нің бастығы, мемлекеттік органдарына аурулардың ауру тарихынан көшірмелер мен анықтамаларды тек жазбаша сұрау салулары бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері белгілеген жағдайларда ғана береді. Стационарда емделіп жатқан сотталғандар жөніндегі әкімшіліктің мүдделі мекемелермен хат алмасулары жеке істе с а қ т а л а д ы .

Науқастардың шағымдары мен арыздары, мекеме басшыларымен қарастырылады немесе заңда белгіленген тәртіппен мекен-жайларға жолданады.

15. Режим (тәртіп) және қадағалауды, арнайы есепке алу, тәрбие жұмысын

ТМ-інің әкімшілігі қамтамасыз етеді.

16. Ауруханада жұмыс істемейтін адамдарға аурухана бөлімшесінің аумағына кіруге ТМ бастығының рұқсатымен ғана кіреді.

17. Ауруханаларда айрықша қауіпті рецидивистер, өлім жазасын кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан өмір бойы айыруға алмастырылған адамдар, сондай-ақ ұстау режимінің айрықша және түрмелік түріндегі сотталғандар бір-бірінен және басқа санаттағы сотталғандардан оқшау арнайы бөлектенген және жабдықталған орындарда ұсталады.

18. Аурулардың заттай қанағаттануы мен тамақтануы Қазақстан Республикасы заңнамалық кесімдерінде белгіленген нормалар бойынша жүзеге асырылады.

19. Аурулармен кездесулер, олардың посылка (жолданған зат) мен сәлемдемелер алуы, сондай-ақ олардың азық-түлік және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуы тәртіптің тиісті түрі үшін қылмыстық-атқару заңнамасымен белгіленген нормалар бойынша рұқсат етіледі. ТМ әкімшілігі аурулардың белгіленген норма мен өнімнің түр-түрі шеңберінде азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуы үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрімен

2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 149

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау Министрімен

2002 жылғы 23 қаңтардағы N 67

Қоса біріккен бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі сотталғандарға, соматикалық аурулар және туберкулезбен ауыратындарға стационарлық медициналық көмек көрсету туралы ЕРЕЖЕСІ

1. Соматикалық ауытқулары бар сотталғандарды ауруханаға стационарлық емдеуге жолдау кезінде, сотталған отырған ТМ бастығы аурухананың бастығынан ауруханаға жатқызу үшін алдын ала рұқсат сұрайды. Диспансерлік есеп жүргізу бірінші тобы туберкулездің белсенді түрімен ауыратын сотталғандарды стационарлық емдеуге жолдау алдын ала рұқсат алусыз, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖК) бекіткен түрде жүргізіледі.

2. Соматикалық аурулар және туберкулезбен ауыратын сотталғандарды соматикалық ауруханаға немесе туберкулезге қарсы мекемесіне жолдауды таңдау, олардың негізгі ауру түрінің қаншалықты ауырлығына байланысты

а н ы қ т а л а д ы .

Белсенді туберкулез сотталғандар соматикалық ауруханаға жатқызар алдында инфекциялық изоляторда емделу курсына өтеді.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 168, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 892 бірлескен бұйрығымен .

3. Қажетті жағдайларда сотталғандар ауруханаға ҚАЖК рұқсатымен жіберіледі.

4. Сұрау салумен бірге сотталғанның медициналық амбулаторлық картасынан жазылып алынған көшірмеде бүкіл ілеспелі аурулары көрсетілген толық шығару эпикризі және мекеме бастығының стационарлық емдеу қажеттілігі туралы қорытындысы жіберіледі. Қорытындыда аурудың барлығын дәлелдейтін анамнестикалық және клиникалық деректер көрсетіледі. Белсенді туберкулез түрімен ауыратын аурулардың көрсетілген құжаттары сотталғанның жеке ісімен бірге жіберіледі .

Ауруханаға жатқызу үшін аурудың міндетті түрде келісімі керек (Қазақстан Республикасы Заңының "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы" 46 бабында жүйеленгеннен басқа жағдайларда). Егер ауру ауруханаға жатудан бас тартса, аурудан мекеме басшысы атына жазылған арыз алынады, ол сотталғанның сырқат парағына немесе амбулаторлық картасына тіркеліп сақталады. Егер ауру өзінің сырқатына байланысты өз жағдайын бағалай алмағанда, ауруханаға жатқызу медициналық, дәйектемелер негізінде жүргізіледі .

5. Сотталған ауруларды стационарлық емдеуге жатқызу үшін тасымалдау жіберуші - органның медицина қызметкерінің керектігінде қолданылады, алты айдан астам аяғы ауыр әйелдерді тасымалдауда міндетті түрде медициналық қызметкерінің еріп жүруімен жүзеге асырылады. Жіберуші-органның медициналық бастығы еріп жүрудің керектігін айқындайды.

6. Ауруханаға аурулар мынадай жағдайларда орналастырылады:

1) органның дәрігерлік бөлім бастығы және жіберушінің стационарлық емдеу қажеттігі туралы қорытындысы бойынша;

2) соматикалық аурухана бастығы немесе ҚАЖК бастығының рұқсатымен;

3) сотталғанның медициналық құжаттарымен және жеке ақшасы жөніндегі қаржылық анықтамаларымен бірге жеке ісі жіберіледі, солардың негізінде бухгалтерия алғашқы қажетті заттарды сатып алуы үшін жеке шот ашады.

7. Ауруханаға орналастырылған аурулар дәрігерлік-кеңестік комиссиясымен (бұдан әрі - ДКК) куәландырылулары тиіс.

8. Ауруды қабылдау кезіндегі кезекші дәрігердің міндеттері:

1) қажетті құжаттардың барлығын және жолдама негізділігін тексеру;

2) қажетті медициналық құжаттарды толтыру және ауруларды қабылдауды тіркеу журналына қажетті мәліметтерді жазу;

3) аурудың алдын ала диагнозын анықтау, қажетті емдеуді тағайындау және бөлімшеге жіберу.

9. Ауруханаға түскенде ауру түбегейлі жеке тексеруге ұшырайды, оның заттары, киімдері, аяқ-киімі мұқият тексеріледі, дезинфекцияланады, тәртіпке келтіріледі және кезекші медициналық бике, дәрігер және оған ілесе келген тұлға жасаған тізімдеме бойынша ауруханадан шығуына дейін сақтау камерасына тапсырылады. Бөлімшеге түскенге дейін ауру іш-киімін ауыстырумен бірге міндетті санитарлық өңдеуден өтеді.

10. Ауруханаға түскен ауруларды түскен сәтінен бастап емдеуші дәрігер қарайды, жалпы жағдайының толық суреттемесі, алдын ала қойылған диагнозы мен тексеру жоспары, дәрігерлік талқылау нәтижелері ауру тарихына енгізіледі.

11. Ауруханадағы ауруларды емдеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Әділет министрлігінің кесімдеріне сәйкес жүргізіледі. Ауру қажетті тексеруден, оның ішінде клиникалық-зертханалық, рентгенологиялық толық тексерулерден өтеді.

12. Жағдайы нашарлаған жағдайда ауру емдеуші дәрігердің қорытындысы бойынша және бөлімше бастығының рұқсатымен күшейтілген бақылау палатасына ауыстырылады.

13. Ауруды бақылау нәтижелері, диагностикалық және емдеу манипуляциялары медициналық картасына енгізіледі. Ауру тарихы мен ол туралы материалдар темір сейфтерде сақталады.

14. Жедел көмек көрсетуге дәрігерлерді шақыру жағдайында ем беру кабинетінде алдын ала жүргізетін арнайы дәрігерлік кешен сақталады, оны қалыптастыру мен бақылауды медициналық бике уақытылы жүргізіп отырады.

15. Стационарлық аурудың медициналық құжаттары мұрағатқа тапсырар алдында толық ресімделеді, шығару эпикризінде міндетті тәртіпте: анамнез туралы қысқаша ақпарат, жүргізілген тексеру мен емдеу, оның тиімділігі, диагнозды дәлелдеу, аурудың аяқталуы туралы мәліметтер, әрі қарай бақылау мен емдеу жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

Эпикриздің көшірмесі амбулаторлық аурудың медициналық картасына қоса тіркеледі.

16. Ауруханада емделу курсы аяқталған соң сотталғандар бұрын ұсталған орны бойынша түзеу колонияларына қайтарылады. Олармен бірге олардың жеке істері, дәрігерлік карталары және әрі қарай диспансерлік есепке алу мен динамикалық бақылау үшін стационарлық науқастың тарихынан толық көшірмелер қайтарылады. Науқас ауруханада жатқан кезде жазалау мерзімі аяқталса және әрі қарай емдеу қажеттілігі болса, науқас денсаулық сақтау

органдарының емдеу профилактикалық ауруханаларына Қазақстан Республикасы заңы белгіленген тәртіпке сәйкес жіберіледі.

17. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 168 бабына сәйкес ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға жататын сотталғандар, босату туралы сот шешім қабылдаған соң денсаулық сақтау органдарының территориялды емдеу-профилактикалық мекемелеріне заң бойынша белгіленген тәртіпте ауыстырылады.

18. Аурухана аумағынан тыс жерлерге шығуға тыйым салынады.

19. Аурулардың аурухана бөлімшелерінде ұсталуын, басқа палаталардағы аурулармен байланысын, серуендеуі мен ауруханалық тәртіпті орындауымен байланысты басқа да іс-шараларды медициналық қызметкерлер реттейді және б а қ ы л а й д ы .

Серуендеулер ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес дәрігерлік және бақылаушы құрамның бақылауымен аурулар үшін арнайы бөлінген жерлерде өткізіледі.

Серуендеуге бөлінген жерде жазылып келе жатқан аурулар үшін жалпы емдеу үрдісіне әсер ететін әр түрлі жаттығу сабақтары ұйымдастырылады.

20. Аурулар үшін түнгі ұйқының ұзақтығы сегіз сағаттан, түстен кейінгі ұйқы бір сағаттан кем болмауы керек.

21. Науқастың ауруханада өлу фактісін емдеуші дәрігер, ал ол жоқ болса - кезекші дәрігер куәландырады. Ауруханада қайтыс болғандардың мәйітін сою міндетті түрде жүргізіледі.

22. Туысқандары бас тартқан немесе жоқ болған жағдайда ауру сотталғанның өлімін АХАЖ органдарында тіркеу және оны жерлеуді аурухананың әкімшілігі жүргізеді.

23. Сәтсіз оқиғалар, аурулардың өлімі, аурухана ішіндегі инфекциялар, және басқа да төтенше жағдайлар кезінде аурухананың бастығы немесе оны алмастыратын тұлға облыстағы ҚАЖКБ басшылығына хабарлайды.

24. Қылмыстық атқару жүйесі ауруханалары мен дәрігерлік бөлімшелерінде арнайы, білікті дәрігерлік көмек көрсету мүмкін болмаған, ерекше жағдайларда, сотталғанның өміріне қауіп төнген, сондай-ақ ауруды басқа жерге ауыстыру оның денсаулығының ауырлығына байланысты мүмкін болмағанда, сотталғандар түзеу мекемесіне қоныс аудару орны бойынша емдеу-профилактикалық ұйымдарына жіберіледі. Бұнда оларға келесі кепілденген ақысыз медициналық кө м е к к ө р с е т і л е д і :

1) кепілденген ақысыз медициналық көмек көрсету республикалық бюджет е с е б і н е н жү р г і з і л е д і ;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелеріне жіберілген сотталған ерлер, әйелдер, кәмелеттік жасқа толмағандарға: хирургиялық, нейрохирургиялық,

уронефрологиялық, психиатриялық, онкологиялық және радиологиялық, дерматолого-венерологиялық, офтальмологиялық, кардиологиялық, акушерлік-гинекологиялық, зиянды және қатерлі өндірістік факторлар, туберкулез бен лепрой тағы басқа ауруларда арнайы дәрігерлік, оналту көмегін көрсету ;

ВИЧ-инфекциялы ауруларға медициналық көмек көрсету;

шұғыл және төтенше жағдайларда пайда болған ауруларға медициналық көмек көрсету ;

2) жергілікті бюджет есебінен азаматтарға кепілденген ақысыз медициналық көмек көрсету ;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық атқару жүйесі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мамандарын жібере отырып, арнайы амбулаторлық-поликлиникалық ұйымдар мамандары жүргізетін кеңестік-диагностикалық көмек көрсету;

кәмелеттік жасқа толмаған сотталғандарға, аяғы ауыр әйелдерге және қатты тісі ауырғандарға ортодонтикалық көмектен басқа, стоматологиялық көмек көрсету ;

кәмелеттік жасқа толмаған сотталғандарға физиотерапиялық көмек көрсету; сотталған кәмелеттік жасқа толмағандарға, аяғы ауыр әйелдерге, еркектерге стационарлық медициналық көмек көрсету, сондай-ақ оналту жергілікті деңгейде ;

шұғыл көмек көрсету ;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық атқару жүйесі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мамандарын жібере отырып, аурудың барлық түріне жоспарлы көмек көрсету, сонымен бірге: онкологиялық, психоневрологиялық, инфекциялық, офтальмологиялық, хирургиялық, нейрохирургиялық, ортопедиялық, уронефрологиялық, терапиялық, травматологиялық, дерматовенерологиялық, гинекологиялық аурулармен ауыратындар мен аяғы ауруларға, алкогольизм мен нашақорлықпен, туберкулезбен, қант диабетімен, өкпе-бауыр ауруымен ауыратындарға;

шұғыл және төтенше жағдайларда пайда болған ауруларға медициналық көмек көрсету ;

ВИЧ-инфекциялы ауруларға медициналық көмек көрсету.

25. Денсаулық сақтау жүйесінің емдеу-профилактикалық ұйымдары сотталғанды шұғыл түрде ауруханаға жатқызудан бас тартқан жағдайында ауруды жетектеуші, бөлім немесе жазаны орындаушы орган бастығын, аймақтық денсаулық сақтау атқару органын және оны тексеретін прокурорды жазбаша түрде хабардар етеді.

26. Денсаулық сақтау емдеу-профилактикалық мекемелеріне жатқызылған сотталғандарды күзету Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі кесімдеріне сәйкес жүргізіледі. (РҚАО-ның сілтемесі: 1 тараудың 1 тармағын қараңыз.)

27. Қазақстан Республикасы ІІМ изоляторларынан (бұдан әрі - ТИ) сотталғандарды Әділет министрлігі қылмыстық атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелеріне кезең-кезеңмен көшіру Қылмыстық атқару жүйесі комитеті бекітуі бойынша жүргізіледі.

28. Венерологиялық, паразиттік және инфекциялық аурумен ауыратын (туберкулез) сотталғандар, ұсталатын орны бойынша емдеумен қамтамасыз етіледі.

Ескерту: 28-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 168, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 892 бірлескен бұйрығымен .

29. Сотталған ауру әйелдердің, еркектердің, кәмелетке толмағандардың (ВИЧ /ЖҚТБ-мен ауыратын әйелдер және кәмелетке толмаған әйел жыныстылардан басқа) барлық категориясы ұсталатын орны бойынша емдеумен қамтамасыз етіледі. Аяғы ауыр немесе үш жасқа дейін баласы бар сотталған әйелдер бала үйі бар түзеу мекемелеріне жолданып, сонда ұсталады.

Сотталған ауру әйелдердің, еркек және әйел жынысты кәмелетке толмағандарды арнайы комиссиямен куәландыру және ауруына байланысты жазасын өтеуден босату материалдарын сотқа ұсыну ұсталатын орны бойынша жүргізіледі.

Ескерту: 29-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 168, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 892 бірлескен бұйрығымен .

30. Психикалық аурулармен зардап шегетін сотталғандарды соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеу, негізгі ұсталатын орнында емдеумен қамтамасыз етіледі.

31. Үкім заң күшіне енгеннен кейін ауырған-сотталғандар ТИ-дан стационарлық емдеу қажет кезінде Қылмыстық атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелеріне алдын ала сұраным жасамай-ақ ҚАЖК бекітуі бойынша жолданады.

32. Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын, диспансерлік бірінші топ бақылауында тұратын сотталғандар, сондай-ақ сот шешімі бойынша туберкулезден мәжбүрлеп емдеу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық атқару жүйесі туберкулезге қарсы мекемелерінде емдеумен қамтамасыз етіледі. Бұдан әрі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі кесімдеріне сәйкес, диспансерлік бірінші топ бақылауынан екінші топқа ауыстырғаннан кейін олар негізгі ұсталатын орны бойынша оқшауланған

учаскелерге бақылануға жіберіледі.

Айрықша түрме тәртібінде ұстауға сотталғандар, туберкулездің белсенді түрімен ауыратындар сотталғандардың жалпы массасынан бөлектеніп негізгі ұсталатын орны бойынша емдеумен қамтамасыз етіледі.

33. Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын және психикалық ауытқулары бар сотталғандарды емдеу туберкулезге қарсы мекемелерінде, ал психикалық ауытқулардан стационарлық емдеу қажеттілігі туған жағдайда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық атқару жүйесі психиатриялық ауруханасында емдеумен қамтамасыз етіледі, онда бір уақытта туберкулезге қарсы ем беріледі.

34. Түрмелік және айрықша тәртіп түріне ұсталуға сотталғандар, сотталған әйелдер мен әйел және еркек жынысты жасөспірімдер алкоголизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеу туралы сот шешімі бойынша ұсталатын орнында бақыланып, емделеді.

35. Сотталғандарды алкоголизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеу, ауыр асқынған аурулары болғанда, олар асқынған аурулар бойынша қылмыстық атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелерінде қаралумен және емделумен қамтамасыз етіледі.

36. Түзеу колониясында ұсталатын, сотталғанды алкоголизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеу туралы сот шешім қабылдағанда ауру қоныс аудару орны бойынша ТИ-ға, сосын ТИ-ға бекітілген арнайы жабдықталған түзеу мекемелеріне жіберіледі.

37. *Тармақ алынып тасталынды - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 168, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 892 бірлескен бұйрығымен ..*